

ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



«Поэзиядағы
Дулат Бабатайұлы
дәстүрі және ұлттық
тұтастық идеясы»

220 жыл

халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26 мамыр, 2022 жыл

Астана



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ТЕЛЕРАДИО
ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ**

ХІХ ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы,
дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған
**«ПОЭЗИЯДАҒЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

(2022 жылдың 26 мамыры)

ӘОЖ 82.0
ББК 83.3 (5Каз)
П 62

Редакция алқасы:

Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Дүйсенғазы С., Кемеңгер Қ., Байгожина Д., Саурбаева А.

XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 182 б., қазақ, орыс.

ISBN 978-601-337-793-3

Жинақта XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары қамтылған. Конференция жинағында филология, тарих, журналистика салаларын зерттеуші ғалымдар, ҚР Парламент депутаттары, жазушылар және қоғам қайраткерлері және Татарстан ғалымдарының баяндамалары бар.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, филология және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

ӘОЖ 82.0
КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-337-793-3

Жерінде шайтан, жын аунағасын,
Ғарышқа шырқап шығандағасың.
Құндақтай көрде қалайша жатыр,
Көне алмай кеткен бұғауға басың?

Қиядан тайып атан құлаған,
Қиямет өтті ботаң жылаған.
Түсіме кірсең ғайыптан келіп,
Беріп кет, баба, батаңды маған!

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ ДИХАН

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры
ҚР ҰҒА академигі*

АЛАШТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ДУЛАТ ӨСИЕТНАМАСЫ

Заманының біртуар ақыны, соңында әдеби мектеп, дарынды шәкірт қалдырған Дулат Бабатайұлының шығармашылығы даулы деп ешкім айта алмас. Бірақ тәуелсіздік жылдары оның өмірі мен мұрасына қатысты ғылыми-тәжірибелік конференция бір-ақ мәрте астанадан қиырдағы өлкеде – сонау Аягөз ауданында өтіпті. Руханияты мен әдебиетін жан-жақты салмақтаған өрелі, өрісті жұрт бұлай істемесе керек-ті.

Алаш ардагері, ұлт білім-ғылымының басында тұрған Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын қайта бір оқиық. «Бас ақын» – классик деген сөз. Ол – Абай Құнанбайұлы.

«Абай сөздерінің дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды лақпай түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер» /1, 217/. Осындағы «бетін түзеп, жөн сілтеген кісілер» кімдер? Міне, осы жерде жазушы-ғалым М.Әуезов «Абай жолында» меңзеген кейіпкер – Барлас яки оның прототипі Дулат Бабатайұлы тұспалданады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан ақынның қазасына байланысты мақаласында: «К дватцати годам своей жизни Абай... представлял ходячий сборник народных преданий ... созданных мудрецами казахской степи», - дейді /2, 307/. Мұндағы «қазақ даласы даналарының» ішінде ақын Дулат Бабатайұлы бары аңғарылады.

Алаштың рухани мұрасы – мәні баға жетпес, көлемі көл-көсір дүние. Бірақ оның тұжырымдамасы мен мазмұнын жинақтаған еңбектер бар. Соның бірі – «Алқа» бағдарламасы.

«Алқа» ұйымы – ХХ ғасырдың 20-жылдары Алаш қайраткерлері бейресми құрған әдеби-мәдени шығармашылық ұйым. 1920 жылы большевиктік диктатура толық орнағанан кейін Алаш серкесі Әлихан Бөкейхан әріптестерімен: «Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп сырласты /3, 89/. Алаш қозғалысының жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңнің рәмізді атауы – Алқа. 1920-1924 жылдары идеясы пішіліп-сызылып, талқыланған, ал 1925 жылдың басында зиялылар арасына таратылған Алаш қаламгерлерінің ұйымдасқан шығармашылық жобасының аты – «Алқа» еді. Егер өкімет ресми түрде 1919 жылдан Алаштың іс-әрекеті түгіл атауына тыйым салғанын білсек, бұл «Алқа» – Алаш ныспысымен үндес қана емес, оның идеясының жалғасы болып шығады. Сондықтан да қырағы НКВД 1929 жылы Алаш арыстарын бірінші мәрте жазалағанда, «Алқа» бағдарламасын шығармашылық ұйымның құжаты емес, саяси ұйымның құжаты деп тапты. Елшіл азаматтарға 1930-1937 жылдары үкім шығарарда, олардың «Алқаға» кіргені, ұйым мүшелерімен араласқаны басты айып ретінде тағылды.

«Алқа» дүниеге келгенге дейін өлкелік баспасөзде саясатқа байланбаған еркін шығармашылық туралы Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан, Смағұл, Мұхтар т.б. тұлғалардың ой-пікірі жарық көрді. Осы және басқа да сұранысты ескеріп, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында қызметте жүрген Әлихан Бөкейхан, Мағжан Жұмабай Қазақстандағы Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Садуақасұлы т.б. қайраткерлермен ақылдасып, жаңа әдеби ұйымның бағдарламасын жасады. Ол елдегі және сырттағы қалаларда жүрген басты 16 қаламгерге таратылды.

Руханият тарихында ешнәрсе кездейсоқ тумайды. Шешімді, табанды әрбір қадамның себебі бар. 1924-1925 жылдары өмір жүзіне шыққан «Алқа» мұраты тарихи қажеттіліктен пайда болды. Оны ешкім сырттан таңған жоқ: «Алқаны» қазақ ой-санасының сұранымы дүниеге әкелді. Шығармашылық қауымды біріктіретін жобаның хатқа түсуі – азат мұраттың, зиялы елдік нышанның нақтылануы еді.

Авторлар яки Алаш зиялылары «Алқа» бағдарламасын жазарда тыңғылықты ізденгені анық байқалады. Әдебиетке қатысты тұжырымды құжат даярлау – бірыңғай сөз өнеріне байланысты қисындарды тізбектей беру емес екенін осы айқындамадан ұққандай боламыз. Бағдарламаны әзірлегендер түйінді пікірлерінің бәрін де қоғамтану, философия ғылымдарымен сабақтастырып, ұлт топырағынан алынған мысалдармен дәлелдейді.

Сонымен «Алқаның» дүниеге келу тарихынан мына жай аңғарылады: Алаш зиялылары жаңа өкімет пен ұлт жазушысы арасындағы диалогқа тек дәстүр мен шығармашылық еркіндікті ескеріп қана қол жеткізуге болатынын дәлелдеген. Ақын-жазушы – ел сөзін сөйлеуші, ел мұңын мұңдаушы. Сондықтан кеңес өкіметі оны шетке теппей, пайымымен және рухани тазалығымен санасса, береке-бірлік хәм нәтиже болмақ. Биліктің «халық өкіметіміз» деген сөзі ақталмақ. Алаш зиялылары мәселені осы тұрғыдан қояды. «Алқа» тарихынан олардың позициясы да, мәмілегерлігі де аңғарылады. Әйтсе де «Алқаның» орнын ерекше етер қасиет – қиын кезеңде қалам қайраткерлерімен мүкіндігінше ашық ой бөліскендігі хәм тығырықтан шығар жол сілтегені дер едік.

Енді осы құжаттағы Дулат Бабатайұлы заманы мен дәуір шындығын жырлаған ақындарға берген бағасына келейік.

Алаш ойшылдары: «Ақындық бағытта емес, ақындық – ақындықта»,- деп бірден мәселенің мәнісін аңғартады. Осы тезистің алды-артында: «Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркыстың (К.Маркс.- Д.К.) пікірін қазақ өміріне қатыстырсақ, қазақтың техникә мәдениеті тіпті төмен болған. Сондықтан әдебиеті де жоқтың жанында болған деген пікір ұстау қата. Шынында қазақтың өзінше терең әдебиеті болған әм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі, қыры, қайғысы, қуанышы, ойы, қиялы әдебиетіне түсіп отырған. Әзір тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой, қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар – қазақ даласына бет алған Ауропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы де тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі» /4, 259/.

Біздіңше, осы мәтіннің астарында Дулат Бабатайұлы шығармашылығы, ақын мәтіні көрініс береді.

«Өсиетнаманы» оқып көрелік. Ақын былай дейді:

*Заман қалай түзелсін,
Аға-інісі жат болды.
Бай баласы мінеді,
Жазық мойын құр атты.*

*Жарлы да өліп қалған жоқ,
Бірақ жаяу жүреді.
Оның көңілін құдайым,
Бір нәрсемен жұбатты.*

*Жалған дүние жарық-ты,
Аз гана күн қуатты.
Ажалы тоқ болса да,
Арын сақтап тұрады.
Ардан кешкен ұятсыз,
Ойламайды ұятты.
Зар заманның ақыры
Зарлап өтіп барады.*

*Осы күнде адамның
Бір парасы қорсынар,
Еш нәрсе жоқ ойында,
Сондай адам зорсынар /5, 119-120/.*

Дулат ұғымында «аға-іні» – ұлт пен жұрт, «құр атты мінген бай баласы» – дәулеттінің ысырап малы мен жүйесіз тірлігі, «қорсыну мен зорсыну» – елдік һәм адамдық қарым-қатынастың сөгігені екені түсінікті. Қоғамның коллизиясы шашетектен: шен-шекпенді, азулыны сыйламағандар «жардан құлайды» (өлтіріледі), заманға пейілі тарылған жоқ-жітіктің «жалғыз тайын бөрі алды», қиналған халық «мойнына қоржын іліп, елдентамақ сұрап» жүр, арамзалар «ұрлығын ғадет қылған», «атадан – билік, елден – әдеп» кеткен, жарысқа кіргендер «орысқа тарта» сөйлейді, ақылды жаттан жұққан жаман қылық алып тұр. Параға қызығушылар көбейген, ұл мен қыз «етікшінің бізіндей жылмындаған». Ақын тоқтамы: елді түзетемін дегенге «абақты қазулы көрдей» даяр, «заман қияметтің төріндей бұзылды», «су түбіне кеткен жұрт қармарға тал таба алмай» аңыраған.

Міне, ХІХ ғасырдың 70-80 жылдарындағы Қазақ елі ахуалы. Дулаттың өзінен кейінгілерге қалдырған өсиетнамасы – «молдадан (яки мұғалімнен, ғалымнан) сабақ алыңыз», «ақылды көңілменен көреді», «иман – жанның сапасы», «бірлігі бар адамдар айтқан сөзге көнеді», «татулық – қорған», «білген (яки талпынған, ізденген жан) азбайды», «шежіре туған (яки тарихты көп білетін) адамның көкірегі хатпен тең», «уайымшыл адамның кең дүниесі тармен тең», «саясы жоқ бәйтерек саздағы біткен талмен тең» т.б.

Осыларды бүгінгі тілге түсіріп байыптасақ, адам қоғам және ұлт мүшесі ретінде білімді, зерек, иманды, бірлікшіл, талапты, ізденгіш, сергек, қамқор болса, ел ешкімге жем болмайды, алға басады.

Бұл мұраттың ойшылдық, сыршылдық жағын тереңдету – Абайдың, ал елшілдік және мемлекетшілдік жағын сапаландыру – Алаш зиялыларының мойнына жүктелді.

Осы ұстаным олардың шығармашылығында көрініс тапты. Айталық, «Алқа» бағдарламасын өмірге әкелген ұлт зиялылары қалам қайраткерлеріне баға бергенде, мына елеулі ұстанымды басшылыққа алады: «Дін қыссаларын жазған біздің Жүсіпбекқожамыз – діншіл ақын, бірақ бұларды танумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін олардың ақындығын тексеру керек». Мұны Дулат Бабатайұлы шығармашылығына қаратып айтсақ, оның мұрасы яки өнернамасы мен өсиетнамасы – «зар заманның», дәуір ақиқатының кілті.

Алаштың рухани мирасы осы ұғымның арғы-бергі мұратына, мазмұнына суарылған.

«Алаш» ұғымы – қазақ халқының байырғы сөзі. Мағынасы – елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымдарды жинақтайды. Қазақ ішінде «алаш алаш болып, Алаша хан болғанда», «алты алаш», «алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді тұрақты тіркестер

ежелден айтылады. Сондай- ақ «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген нақыл-ұстаным да бар. Бұдан шығатын қорытынды, алаш – қазақ ұлтының өте бір аяулы сөзі. Мұны қазақ этнонимінің синонимі десек те болады.

Жалпы тілдік негізі тұрғысынан келсек, алаштың түбіріндегі «ал» – от, қызыл, арай дегенді білдіретін ежелгі түркі сөзі. Мысалы, Алтай, алау, алқызыл, албырт, аластау, албар, аламан, алөкпе, алаң, алқап т.б. сөздердің арғы түбі «от» ұғымына (қуат, күш, жігер, шапшаңдық, қызбалық, тегеурін, зор деген мағынадағы) барып тіреледі. Отандық зерттеушілер ішінде Шоқан Уәлихановтан бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен алаш ұғымдарын қатар қоя отырып («начало народа казахов или алач ...»), былай деп жазады: «У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех киргиз есть алач» /6, 201/. Бұдан Алаштың – елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым екені көрінеді. XX ғасырдың басында Ә.Бөкейхан төңірегіне топтасқан ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке (ұлт кеңесі) де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық. Азаматтық тарихымыз үшін аса маңызды Алаш қозғалысы кезеңінде Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш». Кереге – мемлекет құрылысы, Алаш – идеология. Тоқтам осындай болатын. Алаш – жаңа түрдегі елдігіміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі еді.

Осы ұғымның дерек-дәйегін Дулат Бабатайұлы жырларынан іздеп көрелік.

Ақын Алаш ұранды топ бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендерді еске алып, былайша толғайды:

*Тұлпар мініп, ту ұстап,
Олжа салды еліне.
Тояттаған сұңқардай
Құйылып еді жеміне.
Қазықтай жерге қадады,
Дұшпанын деген «сені ме!»
Тізе қосып теңесті
Тепкісі тең теңіне.
Ой, ол кездегі өткен күн,
Түсім бе еді, өңім бе? /7, 70/.*

Дулаттың халық өз билігін сеніп тапсырған арқар ұранды сұлтан-төрелерге айтқан сыны да өткір:

*Төреліктің белгісі –
Елін жауға бере ме?
Еліне қорған болмаса,
Ел төрені көре ме? /7, 72/.*

Ақынның «Айтпасымды айтқыздың» атты жырына назар аударайық /7, 149/

*Менің атым – Байғыз қарт
Көзге түсер сиқым жоқ,
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.
Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар,
Атан өгіз ағызған
Ақылдан алтыс салам бар.
Қорған құрыш сөзім бар,*

*Бұлттан өтіп мұнарды
Болжасайтұғын көзім бар.
Қаралдымнан атым зор,
Белгілі атым әлемге.*

Байғыз қарт – тұтас қазақ әлемі бейнесі. Ұлттың рухы мен айбарын жеткізуші тұлға. Жыр – елдің басынан өткізген тағдыры мен ел қорғаған ерлердің ұстанымы. Туындыда өсиет те, арман-аңсар да тұнып тұр.

Дулат Бабатайұлының өсиеті – қаһармандар қамалын қиялан тұрғызу емес, қаһармандық мен елдік қамалдың неден тұратынын түйсіну мен түсіндіру.

*Орманшы ағаш кесе алмас,
Ақ балтаны қайрамай.
Жорыққа батыр аттанбас,
Жау жарағын сайламай.
Егінші егін сала алмас,
Қос өгізді айдамай.
Көңілмен құрғақ бос жүрсең,
Алақандай жер жүзі.
Аспан болар айнадай.
Істемей қолмен іс болмас,
Құры сөз де күш болмас,
Таңдайға дәмі татымас,
Ауызға салып шайнамай /7, 73/.*

Бұл өлеңін ақын мұрасын жинаушылар «Баласына айтқаны» - деп айдарлапты. Бірақ елге, ұрпаққа айтқаны бірден аңғарылдады.

Ақынның ақылы мен кеңесінің нақты адресаты бар. Мысалы, билік пен елге жауапты азаматтарға былай дейді:

*Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығана күймесе,
Суығына тоңбаса.
Батырлықтың сәні жоқ,
Түн ұйқысын төрт бөліп, ...
Сары садақ асынып,
Егескен жасуды қашырып,
Ұлын қорып жасуынан
Ерулеген отты дауынан
Тұтамдап оқ жонбаса /7, 104/.*

Отаршылдық дәуірінде намысты ер қайдан және қалай шығады? Дулат Бабатайұлының алдаспан жырлары осыған жауап:

*Ту ұстап, тұлпар жаратпай,
Алдынан топ таратпай,
Елді аузына қаратпай,
Жай оғындай оқ атпай,
Анадан тудым дегенмен,
Бастамаса ел ұлан ба? /7, 98/*

Бұл ойдың астарынан қазақ хандығын қалпына келтіру үшін арыстандай арпалысып өткен Кенесары ханның намысы мен ерлік жорықтарын да, алдағы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның: «Тірі болсам, ханбаласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» деген /8, 114/ серті сырын да түйсінуге болады.

Ой-пайым және шығармашылық байланыс тұрғысынан қарағанда Дулат – Абай – Алаш сабақтастығы айқын аңғарылады.

Мысалы, ұлттық жаңару дәуірінің басында тұрған Ахмет Байтұрсынұлы: «Бұрынғы әділ билердің қолында билік – қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді. Қазақта білімді адам жоқ емес, көп. Бірақ солардың көбі, құты, бәрі өз білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген» - /1, 210/ деп, бұрынғы-кейінгі «зар заман» болмысын, сипатын тарқататыны да бар. Бірақ өткенге әрі ықыласпен, әрі сынмен қараған осы тұлға ұлт тарихында жүйелі газет шығарудан кітап басуға дейінгі, мектеп ісін сандандырудан университет ашуға дейінгі елдік істердің басында тұрды. Бұл – өзіне дейінгілер айтқан өсиетті іспен орындауы еді.

Ақын үміті әрқашан айқын көрінеді. Оның «зар заманы» – көбіне намысты қайраған, ерлерді сайлаған кезең болып ұғынылады:

*Тәуекел деп тасқа түс,
Бекем буып беліңді.
Жүрсең жолың болады,
Істесең ісің онады,
Жолдасың – алғыс сенімді /7, 117/.*

Жорық жыршыларының соңы сынды (әйгілі поэмасындағы «Еспембеттей ер қайда? Ер күтетін ер қайда?») жолын еске алыңыз) Дулатақын:

*Ұста соққан темірден
Әр түрлі аспап, сайман бар,
Темірсіз теңдік алмайды,
Керектісін сайлаңдар! /7, 116/ -*

дей отырып, өз тұсындағы және болашақтағы зерделі азаматтарға ата-баба тілегін жеткізеді. Алаш тұсындағы аспап-сайман – білім мен білік еді. Темір жай темір ғана емес, тәртіп пен жүйені түспалдау-тын. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және олардың соңынан ерген намысты тұлғалар бұл үмітті ақтағанына – тарих куә.

Дулат Бабатайұлы – отаршылдық жүйенің Қазақ еліне жасаған озбырлығы мен зиянын өз көзімен көріп, жанымен сезінген дәуірдің тегеурінді шығармашыл өкілі. Абай Құнанбайұлы – зар заманның зарын бала күнінен естіп, тығырықтан құтылар жолды іздеген ақыл-ой жоқшысы. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары – Дулатпен дәуірлес тұлғалардың өсиетін, Абайдың аманатын орындауға жұмылған Қазақ елі оянуының шамшырағы, білім мен білік ықпалдастығының, елдік бірліктің ту ұстаушылары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер (құрастырған Р.Нұрғали). – Алматы: Жалын, 1991 – 464 б.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранные (құрастырған С.А.Жүсіп). – Алматы: Қазақэнциклопедиясы, 1995. – 528 б.
3. Қамзабекұлы Д. Дәуірдің кесек күәсі // кітапта: Руханият. Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
4. «Алқа» айқындамасы // кітапта: Қамзабекұлы Д. Руханият. Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
5. Бабатайұлы Д. Өсиетнама (жалпы редакциясын басқарған М.Ескендіров). Семей: Шәкәрім университеті, 2019. – 152 б.
6. Валиханов Ч. Собрание сочинений в восьми томах. Т.1. – Алматы: Дайк-пресс, 2012. - 700 с.
7. Бабатайұлы Д. Замана сазы: өлеңдер мен дастандар (құрастырып, баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев). Алматы: Жазушы, 1991. –160 б.
8. Бөкейханов Ә. Шығармалары (алғысөзін жазып, құрастырған М.Қойгелдиев). Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.